**Қарағаш ауылындағы №28 негізгі орта мектебі» КММ-де 2023-2024 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмыстары бойынша талдау**

2023-2024 оқу жылында тәрбие процесінде басшылыққа алынған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ негізінде жасалған тәрбиенің жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:
Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:
Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:
Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.
Осындай мақсат-міндеттерді басшылыққа ала отырып, биылғы оқу жылында тәрбие жұмысы Ұлттық құндылықтар: Ұлттық мүдде, Ар-ұят, талап бағыттары бойынша жүргізілуде. Кешенді жоспарды іске асыруда тәрбие жұмысын ұйымдастыру жұмыстары салауатты өмір салтына ынталандыру, сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру, білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін және ұжымда жұмыс істей білуге баулу, ата-аналар жиналысын өткізу,оқу жетістіктері мен ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналамен жұмыс жүргізу жопарланды.

Оқу жылының басында ата-ана,мұғалімдер, оқушылар арасында «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» байланысты барлық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқу жылының тәрбие жоспарын талқылау мақсатында сынып жетекшілермен «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» талқыланып, жоспарланды.

Жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында білімнің басымдылығы мен маңыздылығын және жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру мақсатында 2023-2024 оқу жылына арналған «Мектебім – мейірім мекені» атты білім күніне арналған салтанатты жиын ұйымдастырылды.

«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық патриотизм» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді. Алғашқы сынып сағатының шеңберінде ұлттық құндылықтардың, патриотизмнің, адалдықтың, адам өміріндегі бір-біріне деген құрмет пен сенімнің рөлін талқылауға ерекше назар аударылды.

Кеш барысында Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларынан сахналық көрініс қойылып, өлеңдері мен аудармаларынан мысалдар оқылды. Дарынды оқушыларымыз ән шырқап, би биледі

"Тоғыз ай 9 іс - шара" тұжырымдамасы негізінде "Сергіту сәті" республикалық челленджі 1-9 сынып білім алушылары арасында ұйымдастырылды. Челленджідің мақсаты - балалардың салауатты өмір салтын насихаттау.

Мектеп алаңында денсаулық күнінде жаппай жаттығу жасау және бастауыш сыныптарда отбасымен үйде дене шынықтырумен айналысу челленджі өтті. Барлық бейне роликтер әлеуметтік желіге жарияланып отырды. *«Денсаулық және дұрыс тамақтану» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)* бойынша өткізілді.

*Отбасы күніне арналған іс-шаралар өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну мақсатында «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында сынып жетекшілер оқушылардың ата-анамен бірлесіп әрекеттену жұмыстарын өткізді.* Челлендж барысында оқушылар қызығушылықпен белсенді қатысты.

Арнайы мамандармен профилактикалық жұмыс (ата –аналар, қыздар және ұлдар жиналысы) өткізілді, алдын алу түсіндірме жұмыстары ар-әдеп нормаларын ұстану, құқықбұзушылықтың алдын алу, халқына адал қызмет ету жолдары барысында «Зорлық -зомбылықсыз өмір», «Өз құқығыңды білесің бе?», «Имандылық-парызың» тақырыптарында жұмыстар жасаөспірімдердің рухани дамуына және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында болды.

Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер арасында инспектордың қатысуымен профилактика Кеңесінің отырыстары өткізілді. Кеңесте тәртіп бұзған, немесе құқық бұзушылыққа жол берген оқушылардың жеке істері қарастырылды. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары барысында аз қамтылған отбасы категориясындағы балалардың үй жағдайы тексерілді, ата-аналармен профилактикалық әңгімелесулер, "ЖИТС-тің алдын алу және онымен күресу жолдары» тақырыбында 8-9 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушыларға АИТВ/ЖИТС туралы шынайы ақпарат бере отырып, оларды қауіпсіз мінез - құлық дағдысына үйретіп, АИТВ-мен өмір сүруші адамның құқықтарына құрмет көрсету туралы айтып өтті. Жастарды АИТВ- ның алдын алу шаралары туралы білуге, өз денсаулықтарына жауапты болуға, салауатты өмір салтын ұстануға, психикалық денсаулығын сақтауға, зиянды әдеттерден аулақ болуға шақырды. Сонымен қатар қазіргі таңдағы өзекті мәселелер қозғалып, түрлі сұрақтарға жауап алынып, ұсыныс пікірлер тыңдалды.Бейнеролик ұсынып, соңында оқушыларды жақсы оқып, үйдегі ата – аналарының балаларынан үлкен үміт артып отырғанын атап өтті.

Сонымен қатар қазіргі таңдағы ең көп орын алып жүрген қылмыстың бірі буллинг пен кибербуллинг туралы оқушыларға түсіндіріп өтті. Жасөспірімдер арасында өз - өзіне қол жұмсау осы кибербуллингтің ықпалынан орын алуда. Тергеу барысында барлық қылмысқа қатысы адамдар анықталып, қылмыстық іс қозғалып,

жауапкершілікке тартылатынын түсіндірді. Балаларды жақсы оқуға, спорттық үйірмелеріне қатысуға, кітап оқып сауатты да, ақылды азамат болып өсуге шақырды.

Сонымен қатар мектеп медбикелері жеке гигиеналық тазалық туралы әңгіме қозғап, қоғамдық жерлерде тазалық сақтау туралы айтты. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мектеп формасы мен мектептің ішкі тәртібін атап өтіп, сақталуын қатаң талап етіп, ескертулер жасады. Жиналыс соңында оқушылар сұрақтарын қойып, тиісті жауаптарын алды.

Жиналыс барысында полиция қызметкерлері тиісті бөлімшелері бойынша қалада орын алған құқық бұзушылық фактілерін көрсетіп, қандай жаза қолданылғаны және оның алдын алу жолдарын кеңінен түсіндіріп өтті.

«Абайланыз, балалар!» республикалық айлық акция аясында қауіпсіздік ережелерін насихаттау барысында мектебіміздің 1-8 сыныптарында сынып сағаттары өткізілді. Оқушыларға жолда жүру ережесі мен ескерту нұсқаунамалары берілді.

Қазақстан Халықтарының Тілдер мерекесіне әр пән бірлестігі өзінше үлес қосты. Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі болса Оралхан Бөкейхан туылғанына 80 жыл толуына орай 5-сыныптар арасында «Алтайдың асыл перзенті» атты мәнерлеп оқу байқауы мен Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай "Тіл тазалығы" атты әдеби кеш ұйымдастырды. Мектеп дәлізіне Алаш зиялыларының шығармалаларынан кітап көрмесі жасалды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл агенттігінің хатына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 желтоқсанындағы №1147 қаулысымен бекітілген жоспарына сәйкес мектебімізде біріңғай "Адалдық сағаты" ұйымдастырылды.

Тәрбие сағатының мақсаты- оқушыларға адалдық, шындық туралы түсінік бере отырып, оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды тағы басқа адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету.

21 қыркүйек күні мектепте оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау іс-шарасы өтті. Биылғы мектеп Президенттігіне үміткер болып 3 оқушы тіркеліп, өздерінің жұмыс жоспары мен алға қойған мақсаттарын жариялап, үлкен белсенділік танытты. Президенттікке үміткер оқушыларды сайлауға мектеп оқушылары мен мұғалімдер қатысып, белсенді, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, мектеп басщылығымен бірге оқу үдерісін ұйымдастырудағы мәселелерді шешуге қатыса алатын жауапты, тәртіпті кандидаттарына дауыс берді. Нәтижесінде мектебіміздің 9-сынып оқушысы Теңдік Іңкәр басым дауысқа ие болып, мектеп Президенттілігіне сайланды. «Электронды темекі туралы аңыз бен шындық » тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды. Мақсаты жат қылықтардан аулақ болуға тәрбиелеу. «Жеткіншектің жеті жарғысы » жобасы бойынша 1-7 сынып аралығында сынып сағаттары өткізілді.

"Ұстаз - ұлы тұлға" тақырыбында мерекелік іс – шаралар өткізілді. Іс-шараларды өткізу мақсаты- мұғалімдер күні мерекесін мерекелеу және мұғалім мәртебесін арттыру. Ұстаздар мерекесіне байланысты 1– 9 сыныптар аралығында тәрбие сағаттары ұйымдастырылып, өткізілді. Сынып сағаттары барысында сынып жетекшілер оқушыларға ұстаздық мамандықтың қиындығы мен қызығы бірге жүретіні жөнінде түсініктерін қалыптастырып, білім алуға саналы көзқарастарын нығайтып, жеке тұлғаның рухани адамгершілік қасиеттерін дамытып, ұстазды әрқашан сыйлауға тәрбиеледі. Сонымен қатар ""Дублер күні" өзін өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен жоғары деңгейде өтілді. Іс - шаралар өз деңгейінде ұйымдастырылып, мақсатына жетті. Қарттар күніне орай ауылымыздың қарт кісілерге шефтік көмекке барып алғыстарын алды. «Зиянды әдеттерден аулақ болайық»,

«Сәкен – сахара сұңқары» тәрбие сағаты және Жеткіншектің жеті жарғысы жобасы бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді. «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында қазан айындағы жоспар

бойынша бірыңғай Әнұран орындау челленджі өткізілді. Сонымен қатар 24 қазан күні Республика күніне орай «Жас Ұлан», «Жас қыран» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылдау салтанатты рәсімі өтті.

Мақсаты- оқушыларға еңсесі биік егемен еліміздің айбынды да азат ұрпақтары екендігін терең ұғындыру. Патриоттық, отансүйгіштік сезімін дамыта отырып, ел бейбітшілігін сақтау жолында үлес қосуға баулу.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ата -аналарды мектеп тәртібі, тәрбие жұмысымен, ата - аналарды педагогикалық қолдау көрсету орталығының жұмыс жоспарымен таныстырып өтіп, ата - аналарға арналған сауалнама жүргізді. Жиналыс соңында ата -аналар сұрақтарын қойып, тиісті жауаптарын алды және ұсыныстарын жазып, іс-шараны қорытындылады. Сонымен қатар мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Саналы ұрпақ» жобасы, «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында отбасы құндылықтарын насихаттау жұмыстары да өз мәнінде жүргізілді.

Мектеп білім алушылары арасында алдыңғы оқу жылдарына қосымша биылғы оқу жылында ұсынылған жобалар ішінен «Жеткіншектің жеті Жарғысы», «Еңбегі адал жас өрен», «Оқуға құштар мектеп», «Тарихқа құрмет» жобаларын алып, жұмыстар жүргізілуде. Осы жобалардың негізінде «Елімді жырға қосамын» тақырыбында жерлес ақындардың шығармалары бойынша поэзия кеші өткізіліп, балалардың поэзияға деген құштарлығының оянуына әсері болды.

Қараша айында сыртқы және ішкі теріс әсерлердің алдын алу күніне орай «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында сынып сағаты, 1 қараша Қауіпсіздік күніне орай «Есірткі ел қауіпсіздігіне, әлем қауіпсіздігіне төнген қатер» тақырыбында сыныптан тыс шара ұйымдастырылды.15 қараша Валюта күніне орай сынып сағаттары және «Әжем үйреткен » тақырыбында шеберлік сабағы өткізілді. Адалдық пен шындықтың адами қарым-қатынастағы мәнін түсіндіру мақсатында «Адалдық – атадан қалған мұра» тақырыбында өткен ата-ана жиналыстарында адалдық тақырыбы қаралып, пікірсайыстар жүргізілген. Нәтижесінде адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі адалдық екендігі, оның өзі шыншылдық, айнымастық, шын берілгендік сияқты ұғымдармен сәйкес екендігі, қазақ пайымында адалдық-пәктік, ар-ұждан, жан тазалығы тәрізді қасиет екендігі сарапталған. ҚР заңнамаларын оқып үйрену, саяси-құқықтық білімдерін жетілдіру бағытында және кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықты болдырмау, олардың алдын алу, оқушыларда құқықтық мәдениет пен құқық әрекет-қылық қалыптастырып, оларды құқықтық заңдылық талаптарын түсінуге әрі мойындауға баулу; тәртіпсіздік жасауға бейім оқушыларды анықтап, шара қолдану; мектеп ережелерін қатаң сақтауларын талап ету мақсатында құқықбұзушылықтың алдын алу іс-шараларының жоспары негізінде қараша айында «Заң және мен» құқық айлығы өтілді. Тоқсанына 1 рет 7-9 сыныптар арасында кәмелетке толмаған жасөспірімдер инспекциясының қызметкерлерімен кездесулер өткізілген. Өткізілген іс-шаралардың хаттамалары жазылған. Мектептің оқушы қыздары арасында медициналық қызметкерлердің қатысуымен «Жыныстық тәрбие, ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында кездесу өткізілген. Құқықтық тәрбиені жүзеге асыруда «Бала құқықтары туралы» Конвенция, «ҚР Бала құқықтары» туралы Заңы бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында «Заңды білу – заман талабы», «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын», «Заң және мен», «Бақытты балалық шақ»тақырыптары бойынша отырыстар өткізілген. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын-алу мақсатында мерекелік күндерде мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілер тарапынан кешкі рейдтер өткізілген. Жыл басынан құқықбұзушылыққа бейім оқушылардың мінез-құлқын зерттеу мақсатында мектептің психологы тарапынан мінездемелер алып, сауалнамалар жүргізді.

Желтоқсан айында «Жеткіншектің жеті Жарғысы» жобасы аясында «Тарих пен тіл тамырлас», «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!», «Қазақстан-біртұтас жер, біртұтас халық» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

«Тарих пен тіл тамырлас» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) бойынша оқушылар мектеп мұражайын, аудандық өлкетану мұражайының өкілдерімен кездесу өтті. «Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы) бойынша сыныптан тыс жұмыс жүргізілді. Салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортпен шұғылдануға баулу мақсатында 1-9 сынып оқушылары арасында өткен «Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу» атты психологиялық тренингте оқушылар бойында салауаттылыққа, дұрыс тамақтану шарттары айтылып, «Спорт - денсаулық кепілі» деген қорытынды жасалған. «Темекіден бас тарту біздің ағзамызға қалай әсер етеді?» ақпараттық сабақ өткізіліп, оқушыларды зиянды заттардан аулақ болуға шақырды.«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» («Төрт тоқсан төрт өнер» жобасы) бойынша отбасылар арасында сайыс, онлайн челленджер, оқушылар арасында суреттер байқауы өтті.

Тәуелсіздіктің 31 жылдығына арналған «Тәуелсіздік - тірегім!» тақырыбында іс-шаралар жоспары жасалып, өткізілді. Кітапханада "Желтоқсан - қасіретім, ар - намысым, айбыным"атты кітап көрмесі; 1-6 сыныптар арасында «Менің Қазақстаным» тақырыбында сурет байқауы; 7-9 сыныптар арасында «Тәуелсіздік аманаты бабамның» тақырыбында поэзия кеші ұйымдастырылды.Қаңтар айында «Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» («Ұлттық мектеп лигасы») оқушылар арсында асық атудан сайыс өтті.

. «Қазақ даласының ұлы тұлғалары» 1 – 9 сыныптар арасында сынып сағаттары өтті. Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау «Жеткіншектің Жеті Жарғысы») бойынша 7-9 сынып оқушылары арасында сыныптан тыс шаралар өтті. «Қыз намысы – ұлт намысы» («Ата-аналар мектебі» жобасы) «Тұмар» қыздар клубы апталыққа жоспар құрып, іс – шаралар өткізді.

«Жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллинг» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы) тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» («Ата-аналар мектебі» жобасы) сынып сағаттары өтті. «Өзіңді мамандықтар әлемінде тап» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) бойынша студенттермен кездесу өтілді.

«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Оқуға құштар мектеп» жобасы) бойынша сынып сағаттары өттілді. Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету барысында «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы бойынша іс- шара өтілді. Шараны мектеп парламенті мүшелері ұйымдастырды. «Парасат» дебат клубының ұйымдастыруымен «Ұшқыр ой алаңы» округ мектептері арасында өтілді. «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі ұйымдастырылды.

Сабырлылық – асыл қасиет («Ата-аналар мектебі» жобасы) кітапхана сабағы өтілді. «Отбасыдағы ортақ тіл» тәрбие сағаттары өтілді.

Ақпан айында «Жарқ ете қалсам, найзағай болып...» («Балалар және театр» жобасы) бойынша ауылдық клуб қызметкерлерімен бірлескен іс – шара ұйымдастырылды. «Мың алғыс, ...» ардагер ұстаздарға алғыс арнау мектеп ұжымы атынан, түлектер атынан қашықттықтан ұйымдастырылды. «Ізгіліктің бір ізі - алғыс айту» мектеп парламенті мүшелері ата – аналарға, ұстаздарға алғыс айтып мерекелік шара өткізді.

Аналар күніне орай «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» аналарға арналған үлкен іс-шара өтілді. Бастауыш сыныптарда «Анама арнаймын әнімді» мерекелік концер ұйымдастырылды. Апта бойы суреттер байқауы, мәнерлеп оқу сайысы, сыныптарда аналармен кездесулер өтілді.

«Ұлттық салт-дәстүр - ұлттық қазынамыз», «Ұлттық ойын халық мұрасы», «Әз Наурыз» мерекелік іс-шаралар, сурет байқауы, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Жыл басы - Наурыз" атты астауыш сыныптар арасында наурыз мейрамы өтті. Сәуір айында «Достық – көмекпен мықты» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) бойынша сынып сағаттары өтті. «Қоқысты қайта өңдеу процесі» көркем еңбек пәні мұғалімдері көрме үйымдастырды.Тарих пәні мұғалім Сагиндикова Р.Ж. «Ұлы Дала мұрагерлері» тақырыбында сыныптан тыс жұмыс өткізді. «Әкелер күні» халықаралық мерекесі шеңберінде «Менің әкем – жақсы адам» тәрбие сағаттары

өткізілді. Әкелер күніне орай «Әкелер мектебі» ұйымдастыруымен ауыл кәсіпкерлерімен кездесу өтті. 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Ұлттар достастығы» фестивалі өтілді. Жеңіс күніне орай «Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» 1 – 5 сыныптарда ерлік сабақтары өтілді. «Адамдық борыш ар үшін» 6 – 9 сыныптарда тәрбие сағаттары өтілді. «7-мамыр - Қазақстан қарулы күштерінің құрылған күні» «9-мамыр - Ұлы Жеңіс күніне» арналған іс-шаралар жоспары құрылып, (бірыңғай тәрбие сағаттары, кездесулер, дөңгелек үстел, пікірталастар) өткізілген. Бейнероликтер, челленджер ұйымдастырылды. Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» жасөспірімдер ұйымдары қатарына салтанатты қабылдау рәсімі «Ұланымыз ұлы елдің» тақырыбында өткізілді. Ұйым мүшелері Отанына адал, еңбекқор, Отанының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күресуші екенін айтып, Жас Ұлан ұйымының Қазақстан Республикасының туының түсіндей галстук және төсбелгілері туралы насихаттап, ұйымға оқушыларды қабылдау салтанатты жиын түрде өткізілді. «Жеңіс деген шат күлкісі баланың» мерекелік іс – шара өтілді.5-9 сыныптар арасында патриоттық әндер байқауы, сынып сағаттары, «Жас Ұландар» әскери патриоттық сайыстары ұйымдастырылды.

Сонымен қатар мектепте Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы» 27.07.2007 жыл Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2017 жылы 27 маусымындағы «Білім беру ұйымдарында қамқоршылықтың кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту» туралы №355 бұйрығын басшылыққа алып қамқоршылық кеңесі жұмыс жасайды. Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту туралы мектеп директорының арнайы бұйрығы шығарылып, жұмыс жоспары бекітілді. Қамқоршылық кеңес жұмысы жылына 5 рет өткізіліп, олардың жұмыс мақсат-міндеттері таныстырылып, мектепте жүргізілетін жұмыстарға қатысу құқықтары айтылды.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмыс жасайды.

Мақсаты- балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналарымен қарым-қатынасын күшейту, берекелі отбасы мәдениетін қалыптастыру. Орталық жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету бойынша мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі туралы шешім қабылданды. Әр сынып білім алушыларының ата-аналарына арналған сабақтардың мазмұны бойынша айына 1 рет сабақтар өткізіледі. Орталықтың қызметі позитивті ата-ана мәдениетін арттырудағы әлеуметтік серіктестікті дамытады, білім алуға мотивация беру мақсатында сынып жетекшілер мен ата-аналармен өзара іс-қимыл жасайды. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі аясында ата-аналарға психологиялық қолдауды қамтамасыз етеді, педагог пен ата-аналарға тренинтер, коуч-сессиялар, пікірталас,конференция өткізуге әдістемелік көмек беріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар «Даналық мектебі» жұмыс жасайды. «Аталар», «Әжелер», «Ағалар», «Жеңгелер» мектебі бойынша жоспарлы жұмыстар жалғасын табуда.

Білім алушыларға зиянды әдеттер және оның денсаулыққа зиян келтіретіні, қоғамдағы азаматтық жауапкершілігі, салауатты өмір салтын ұстануы, еңбекқорлық және оның табысқа әсері жайлы тақырыптарда сынып сағаттары, сыныптан тыс іс-

шаралар, кездесулер, флешмоб, жобалар қорғау, байқау сияқты тәрбиелік мағынаға толы шаралардың маңызы өте зор болды.

Сонымен қатар кәмелетке толмағандар арасында жыныстық қолсұғылмаушылықтың алдын алу жұмыстары да үнемі сынып жетекшілер мен медбикенің назарында болады.Оқу жылдарына арналған іс-шаралар жоспары жасалып, бекітіледі және мектеп әкімшілігі, полиция қызметкері, медбикенің қатысуымен топ құрылған.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасын көркем әдебиетпен толықтыру, БУККРОССИНГ өзара кітап алмасу қозғалысын жалғастыру; «COWORKING» орталығының жұмысын жандандыру; 20 минуттық кітап оқуды жалғастыру жұмыстарын жүзеге асыруда Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына, Қожа Ахмет Яссауидің 930 жылдығына, Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына, Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығына, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтың 165 жылдығына, Қасым Қайсеновтың 105 жылдығына арналған «Мақтан тұтар ұлы тұлға» атты кітап көрмелері; шығармашылықтарына арналған кітапханалық сабақтар ұйымдастырылды.Ақпан айында оқушыларға Ауған соғысы ардагерлерінің ерліктерін паш ету; оларды елін, жерін, тарихын сүю арқылы қазақстандық патриоттық сезімге тәрбиелеу мақсатында кітапханашы «Балалар соғысқа қарсы» тақырыбында сурет байқауын, тарих пәні мұғалімі бірлесіп ««1979-1989 жж. Ауған соғысы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

Мектепте оқу жылының басында кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылық, жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу мақсатында іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында қыз балалардың жеке бас гигиенасы, жыныстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, медбике, психолог қатысуымен жиналыс өткізіліп, баяндама оқылды, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 7-9 сынып қыз балаларымен өткен «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбындағы жиналыстың мақсаты-қазақ халқының ұлттық болмысын сақтай отырып, қыздарға жат қылықтарды ажырата білуге, олардың денсаулығына, тәрбиесіне келтіретін зияны туралы түсінік беру, олардың ішкі және сыртқы жан дүниесінің әдемі де арлы болуына тәрбиелеу. Жиналыста медбике қыз балалармен ашық сөйлесіп, пайдалы кеңестермен бөлісті.

Ал «Зорлық-зомбылық, жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру жолдары» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Мақсаты-балалар мен балалардың арасындағы және үлкендердің отбасында болатын зорлық-зомбылықтың алдын алу, жол бермеу. Ата-аналарға кеңестер берілді, жадынамалар таратылды.

Желтоқсан айында жасөспірім қыздар арасында ерте жыныстық қатынасқа түсудің алдын алу, оның өміріне әкеліп соғатын зияны мен зардаптары және қыз балалар мен ер балалардың тәрбиесіне көңіл бөлуге байланысты ақыл-кеңес беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектеп психологі тарапынан тренинг жүргізіліп, кеңестер берілді.

Қазақ халқы қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән берген. Сондықтан қыздардың бойында әдептілік, сыпайылық, инабаттылық қасиеттермен бірге ер балалармен дұрыс қарым-қатынас орнату және ұлттық құндылықтарды бойына қалыптастыру мақсатында «Қыз қылығымен көрікті» тақырыбында диспут өткізілді.

«Қазақ отбасындағы қыз тәрбиесі» тақырыбында өткен дөңгелек үстелде ұлтымыздың адаспай ұлт болып қалуы, қоғамның алға жылжуы, өркендеп өсуі қыз баланың тәрбиесіне байланысты болмақ. Сондықтан қыздардың адамгершілігі мол, әдепті, ибалы болып тәрбиеленуі отбасындағы тәрбиеге байланысты болатыны айтылды.

Ата-аналар арасында өткен жиналыстарда қыз балалардың тәртібі, түнгілік мезгілде жүрмеуі, ер балалармен достық қарым-қатынаста болғанда абай болу керектігі және зорлық, зорлау мәселелері туралы түсінік жұмыстары жүргізілді.

Мектептегі үйірме жұмыстарының оқушы қабілетін ұштауда атқаратын рөлінің маңыздылығын жұмыс барысында байқалды. Үйірме жұмыстарын жүргізудегі мазмұн мен нысанның ұйымдастырылуы, ерекшелігі және жаңашылдығын мақсат ете отырып, жетекші мұғалімнің сабаққа дайындығы, көрнекілігі және техникалық құралдарды пайдалануы, сабақты жүргізу әдістерін ұтымды пайдалануы үнемі назарда болды.

Үйірме жұмыстарын жүргізу ең бірінші білім алушылардың ынта-ықыластарына, бейімдеріне қарай жүргізілді. Биылғы оқу жылында би,домбыра, зияткерлік, спорттық, дебат үйірмелері жүргізілді. Барлық үйірме жетекшілерінде оқу жылына арналған жұмыс жоспарлары жасалып, бекітілді. Мектеп білім алушыларының үйірмелерге қызығушылықтары жоғары. Ал спорт үйірмесі бойынша шаңғы ,теннис ойындары жүргізіледі Оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі кешенді жоспарды жүзеге асыру мақсатында өзін-өзі басқару кеңесі құрылып, ұйымның жұмыс жоспарлары жасалып, бекітілді. Сонымен қатар «Өзін-өзі басқару» ұйымының Президент сайлауы өткізілді. Сайлау қорытындысы бойынша көпшілік дауыспен 9 сынып оқушысы Теңдік Іңкәр 62,5 % мектеп президенті болып сайланды. Әр сыныпта өзін-өзі басқару кеңесінің жетекшілері сайланып, міндеттерімен таныстырылды. Фракция мүшелері сайланды. «Өзін-өзі басқару» ұйымының жылдық жоспары бойынша оқушылармен жиналыстар өткізіліп, хаттамалар толтырылды. Жалпы Дублер күні мектептегі "Өзін-өзі басқару" ұйымының жұмысын жақсарту және білім алушылардың көшбасшылық қабілеттерін жетілдіру мақсатында өздерін мұғалім ретінде көрсете алатын күн.

Мектептің "Өзін-өзі басқару "ұйымы ұстаздар мерекесіне орай өткізілетін Дублер күніне білім алушылар дайындығын көрсетті.

«1 қазан-Халықаралық қарттар күні» 9 сынып оқушылары зейнеткер ұстаздарымызды төл мерекелерімен құттықтап барды. "Өзін-өзі басқару" ұйымының мүшелері 25-қазан Республика күніне орай "Қазақстан-ынтымақ ордасы" тақырыбында концерт өткізді. «Әнұран айту» челленджі өткізілді.

19-20 қазан күндері"Арайлы алтын күз-2023» байқауы өткізілді.

Байқауға әр сыныптан Күз ханшайымы мен ханзадасы қатысып өз өнерлерін ортаға салды. Сайыс жоғары деңгейде өткізілді. Байқау жеңімпаздары мақтау қағаздарымер марапатталды.

Мектебінің ерікті оқушыларының ұйымдастыруымен ауылымыздың ақсақалы Жұмақан атаға мектебіміздің 7 сынып оқушылары мерекемен құттықтап барды және шефтік көмек көрсетті."Батамен ел көгерер..." демекші атамыз оқушыларымызға алғысын білдіріп,батасын берді. 17 қараша күні "Тоғыз айға тоғыз жоба" аясында Республикалық "Алтын сақа" ұлттық ойындар челленджі өткізілді. Білім алушылар "Бес табан"," Бес асық" ойындарын ойнады. Бұл кең көлемді республикалық челленджі білім алушылардың халық құндылығы үшін мақтаныш сезімі артты, ұлттық мұраны дәріптеу мақсатында өткізілді.

Қараша айында «Ұшқыр ой » клубының ұйымдастыруымен мектепішілік дебат турнирі өтті. Дебат сайысына 8-9 сынып оқушылары қатысты. Дебат сайысы "Балалар және интернет"тақырыбында өтті.

30 қараша 2023 жылы "Адал ұрпақ" клубының мүшелерімен "Ар мен намыспен өмір сүр" атты дөңгелек үстел өтті. Ұйым мүшелері адамның бойындағы қасиеттер, пайда ойлама, ар ойла деген сөздерді плакаттарға жазып мағынасын түсіндіру арқылы парасыз болашақтың маңызын, қазіргі таңдағы сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы ойларын жеткізді. Адал ұрпақты тәрбиелеу арқылы мемлекетіміздің мықты болашағын қалыптастыратынымыз анық. Томар ауылының №22 ЖББ мектебіне жолдадық .

№28 негізгі орта мектебінде дене шынықтыру мұғалімі Жасұланұлы Жансеріктін жетекшілігімен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 5-9 сыныптар арасында мектепшілік теннис жарысы өткізілді.Жарыста орын алған оқушылар жүлделі орындармен марапатталды.
16 желтоқсан-Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған "Тәуелсіз елдің ұланымын" атты тақырыбында бастауыш сынып оқушылар арасында сурет байқауы өткізілді.
Мақсаты: оқушылардың өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекетіміздің рәміздерін қастерлеуге, ұлттық сананы бойына сіңіріп, оны жалғастырушы болып өсуге тәрбиелеу, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ел арасында сақталып келе жатқан халық мұрасы бойынша оқушыларды имандылыққа , қайырымдылыққа, бірлікке тәрбиелеу, адамгершілік сезімін арттыруға,желтоқсандықтарға әрдайым құрмет көрсетуге ,әділеттілікке, ел мен жердің қадір қасиетін ұғындыру.Тәуелсіздігіміздің 32 жылдығына орай "Тәуелсіздік-басты құндылығымыз" тақырыбында 5-9 сынып оқушылары қабырға газеттерін шығарды.

Мектебіміздің 1-9 сынып білім алушыларына «Қош келдің, Жаңа Жыл!» атты жаңа жылдық шырша мерекесі өткізілді. Мерекелік кештің ұйымдастырушылары 9-сынып оқушылары «Мектеп парламенті» мен «Жас Ұлан» ұйымы.
Адал ұрпақ клубының жоспарына сай 5-9 сынып аралығында «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» тақырыбында дәріс сабақ өткізілді.
Мектеп парламенті «Өзін -өзі басқару» ұйымының ұйымдастыруымен мектеп,педагог оқушылар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту мақсатында ұйымдастырылды.

Тәрбие жұмысының жай-күйі зерделеніп талданды және өз қызметіне қатысты нормативтік құжаттар, әдістемелік материалдар мен жаңалықтардың жүзеге асырылуы қаралды. Сынып жетекшілердің сынып жұмысына талдау жасау дағдыларының жеткіліксіздігі, сыныптағы проблемаларды айқындап, түзету жұмыстарын белгілеу дағдыларының аздығы бойынша жұмыстар белгілеу назарға алынды.

Сынып жетекшілер сынып білім алушыларының тәрбиелік деңгейінің диагностикалық картасын және қалыптасу деңгейінің диагностикасын жасады.

Оқушылардың сабаққа қатысы, үлгерімі, тәртібі, үнемі қадағаланып, ата-ана, мұғалім, сынып жетекшілер арасында сабақтастық орнаған. Құқық бұзушылық болған жоқ. Күнделікті сабаққа кешігетін оқушы жоқ, ата-аналарымен хабарласып,олардың сабақты себепсіз босатпау керектігі үнемі ескертіліп отырады.

Алдағы уақытта да жоспарлы жұмыстар жүргізіле береді.

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша тәрбие бағыты бойынша атқарылған жұмыстар бойынша SWOT талдау.
S- күшті жағы:
Жоспарға сай шаралардың басым бөлігі жүзеге асты;
Ата-аналармен байланыс жақсы жүзеге асты;
Аналар, әкелер мектебінің жұмыстары «Тұмар» қыздар клубының, «Айбын» ұлдар клубының жұмыстарымен ұштастырылып, жүзеге асты;
Мектептегі іс-шараларға денсаулық сақтау, құқық қорғау, төтенше жағдайлар бөлімі маманмен байланыс орната отырып, біріккен іс-шаралар атқарылды;
Спорт бойынша қосымша үйірмелерге қатысатын оқушыларымыз аудандық, облыстық жарыстардың жеңімпазы атанды;
Мамандардың өз ісіне берілгенгіді, кәсіби біліктілігі;
Оқушылардың тәртіптілігі;
Оқушылардың зиянды заттарға әуес болмауы;
W- әлсіз жағы
Мектепішілік үйірмелердің аздығы;

Мектепішілік үйірме жұмыстарының нәтижелілігінің төмендігі;
Кейбір жоғары сынып жетекшілерінің сынып жетекшілік қызметке салғырт карауы;;

О – мүмкіндік

Аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі байқауларға мүмкіндігінше көбірек қатыса алуы;
Қосымша білім беру ұйымдарымен, қоғамдық ұйымдармен байланыс орнатып, ынтымақтастықта жұмыстану;

Т – қауіп қатер

Уақытты тиімді пайдаланбау;
Жекелеген мұғалімдердің жұмысытарына жауапкершілігінің төмендігі;
Оқушылардың бос уақытында желілік ойындарға әуес болып, түрлі тәрбиелік шараларға қатысуға құлшыныстың төмендігі.

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары: Қ.Қ. Алиманова